Тілегіміз – тату тірлік, мұратымыз – ауыз бірлік!

# ЕЛ ТІЛЕГІ

Газет 2007 жылғы 22 қарашадан шығады

gazeta_eltilegi@mail.ru

№51-52 (803-804) Сәрсенбі 28 желтоқсан 2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

http://www.qsip.kz/ http://www.instagram.com/eltilegigazeti http://www.facebook.com/eltilegigazeti

## ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРДЫҢ БАҒАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ ПЫСЫҚТАЛДЫ

**ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен селекторлық мәжіліс өткізіліп, әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарлар бағасын тұрақтандыру мәселелері қаралды.Жиынға тиісті сала басшылары мен барлық өңірдің әкімдері қатысты.**

Жауапты мемлекеттік орган басшылары өңірлерде азық-түлік бағаларына талдау жасап, негізсіз баға өсіруге бағытталған жұмыстарды баяндады. Оның ішінде, арнайы өңірлік комиссиялар сауда орындарын аралап, «үй маңындағы» дүкендердің бағаларын тексергенін айтып, тексеру нәтижесімен тиісті әкімшілік шара қолданылатынын жеткізді.Кеңес қорытындысымен Үкімет басшысы өңір әкімдеріне өңірлік комиссиялардың жұмысын күшейтіп, негізгі азық-түлік тауарлардың бағасы бойынша апта сайын ақпарат ұсынуды тапсырды.

Жиыннан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев азық-түлік өнімдердің бағасын негізсіз қымбаттатуға қарсы іс-шара қабылдау және аймақтық әлеуметтік маңызды тауарлардың құнын қатаң қадағалау бойынша тапсырмалар берді. Тауар құнын заңсыз көтеретін делдалдарды уақытылы анықтап, жауапкершілікке тартуды міндеттеді. Сондай-ақ, аймақ басшысы биыл тәжірибе ретінде қолға алынып, жақсы нәтиже берген көкөністер мен бау-бақша өнімдерін егуге ниет білдірген отбасыларға ауылдар мен қала маңындағы аумақтардан жер телімдерін беру жұмысын жалғастыру қажеттігін атап өтті.«Жергілікті тұрғындарды қолдап, оларға қосымша табыс табуға мүмкіндік беру мақсатында келер жылы да егіншілікпен айналысу үшін жер телімдерін беру керек. Жерді дайындап, суармалы сумен қамтамасыз ету үшін насос қондырғыларын орнату керек. Мүмкіндігі бар, адал еңбегімен отбасын асырауға ниет білдірген азаматтарымызға жағдай жасап берейік.

Жанұясын күнделікті тұтынатын өніммен қамтып, артығын сату арқылы қосымша табыс тапсын. Қажет болған жағдайда, оған жанар-жағармайға дейін бәрін әкеліп, артылған өнімін өзіміз-ақ сатып алайық, оны сақтау үшін қосымша қоймалар да дайындалуда. Қазірден бастап жұмысқа кірісуіміз керек, тұрғындарды ақпараттандырып, мұндай игі іске жұмылдыру – алдымен өз қолымызда», – деді аймақ басшысы.

Жиынды қорытындылай келе, Н.Нәлібаев «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация басшысына осы уақытқа дейін мемлекеттен жаңа өндіріс ашуға қаражат алып, жұмысы тоқтап қалған жобаларды анықтап, қаржысын бюджетке қайтаруға ықпал етуді, ал қала, аудан әкімдеріне тиісті басқармалармен бірлесіп, жаңа жобаларды ұсынуды тапсырды және оның ішінде кем дегенде 6-7 ірі индустриялық жоба болу керектігін қатаң ескертті.

## ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ ЖАҢА ЖЭО ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫМЕН ТАНЫСТЫ

**Қызылорда облысына жұмыс сапары аясында ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов өңірдің негізгі инфрақұрылымдық нысандарының жұмысын тексерді.**



Атап айтқанда, Әлихан Смайылов Қызылордада 67 МВт электр қуаты мен 341 Гкал/сағ жылу энергиясын өндіретін ЖЭО-да болды. Сондай-ақ ол оңтүстік өңірлерді үздіксіз қуат көздерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жалпы қуаттылығы 240 МВт және 277 Гкал/сағ болатын жаңа жылу электр орталығының құрылыс жобасымен танысты. Шетелдік инвестициялар есебінен іске асырылып жатқан жобаны 2025 жылы пайдалануға беру жоспарлануда.

Премьер-Министр жұмыс істеп тұрған ЖЭО өткен ғасырдың 60-шы жылдары салынғандықтан, тозығы жеткенін атап өтті. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2025 жылға дейін оңтүстік өңірлерде бу-газ қондырғыларын салу бойынша бірқатар жоба іске асырылады. «Ел экономикасы дамуымен қатар өнеркәсіптік және әлеуметтік нысандар да көптеп іске қосылуда, сондықтан қосымша энергия көздерін жедел іске қосу қажет. Осы міндеттер аясында Қызылорда облысында жаңа ЖЭО салынады. Бұл жобаны да уақытылы аяқтау керек», - деп атап өтті Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысының айтуынша, Қызылорда облысындағы тозығы жеткен электр желілерінің мәселесін де шұғыл түрде шешу керек, өйткені олардың техникалық жай-күйі өңір тұрғындары мен өнеркәсіптік объектілерін электр қуатымен қамтамасыз ету сапасына тікелей әсер етеді. Сондай-ақ Үкімет басшысы Сырдария өзенінің арнасында орналасқан Қызылорда су торабының жұмысымен танысты. Оның негізгі қызметі өзендегі су ағынын реттеу және Қызылорда қаласы, Сырдария, Жалағаш және Қармақшы аудандарының аумағында орналасқан 110 мың га суармалы жерді, 250 мың га шабындық жер мен жайылымдарды сумен жабдықтау болып табылады. 2020 жылы ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес гидроторапты кешенді қайта құру басталды, оны келесі жылы аяқтау жоспарлануда.

Премьер-Министр қазіргі уақытта Су саласын дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын әзірлеу аяқталуға жақын қалғанын, оны іске асыру инвестициялар тартуға және бірінші кезектегі проблемалық мәселелерді шешуге мүмкіндік беретінін атап өтті. Сондай-ақ Әлихан Смайылов шекаралас елдермен жүргізілген келіссөздерден кейін биыл өңірде су тапшылығын төмендетуге мүмкіндіктер жасалғанын айтты. Сонымен қатар каналдарды тазарту және гидротехникалық құрылыстарды жөндеу жұмыстары жүргізілді, нәтижесінде егіс алқаптары толығымен суармалы сумен қамтамасыз етілді. Алдағы вегетациялық кезеңде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді суармалы сумен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар да қарастырылған. Белгіленген су лимитін алу бойынша келіссөздер жалғасады.

## ПРЕЗИДЕНТТІҢ ЖАҢАЖЫЛДЫҚ ШЫРШАСЫ

**Жылдағы дәстүр бойынша Жаңа жыл қарсаңында Президент шыршасы ұйымдастырылып, оқушылар қуанышқа кенелді. «Жаңа Қазақстан – бақытты балалық шақ мекені» атты Президент шыршасына бүкіл облыстан оқу озаттары, 80-ге жуық аз қамтылған және көп балалы отбасылардың балалары, ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен 7 «Атамекен» балалар ауылының тәрбиеленушісі қатысты. Шыршаға барлығы 200 бала шақырылған. Шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Мемлекет басшысының бүлдіршіндерге арналған жаңажылдық құттықтауын жеткізді.**



«Ұлағатты ұрпағымыздың лайықты өмір сүруіне, өсіп-өнуіне ықпал ету, жақсы білім алуына жағдай жасау – біздің басты мақсатымыз. Бүгінгі күні облыстағы 677 балабақшада 60 мыңға жуық бала тәрбиеленуде. Биыл 19 балабақша, 6 мектеп, ал Жалағаш ауданында 250 орындық оқушылар үйі пайдалануға берілді. Дарынды балаларды қолдау мақсатында Қызылорда қаласы мен Қармақшы ауданынан 150 орындық 2 мектеп-интернаты ашылды. Мемлекет басшысының бастамасымен 2025 жылға дейін

800 мың баланың заманауи мектепте білім алуына жағдай жасау мақсатында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Осының нәтижесінде алдағы 3 жылда облысымызда заманауи 21 мектеп салынады. Дарынды балаларға арналған физика–математика мектеп интернатының құрылысы басталады. Бұл ел келешегі балаларымыз үшін жасалған үлкен қамқорлық, айрықша қолдау! Мерейлі жыл белесінде жеткіншектеріміздің рухани-мәдени дамуын назардан тыс қалдырған емеспіз», - деді аймақ басшысы.

Шыршаға келген балалар ойын ойнап, ән шырқады, театрландырылған қойылым тамашалады және естелік сыйлық алды. Сондай-ақ, мейрам қонақтарына арнайы фотосессия ұйымдастырылды.

Айта кетейік, Балалар жылы аясында Сыр өңірінде түрлі форматтағы 12 мыңға жуық шара ұйымдастырылып, оған 200 мыңнан аса бала қамтылды.

Биылдың өзінде 402 сырбойылық өрен халықаралық, республикалық дәрежедегі ғылыми жобалар мен олимпиадалардың, спорт турнирлерінің және өнер конкурстарының жеңімпаздары мен лауреаттары атанды.

1 маусым – халықаралық балаларды қорғау күні 5 мың баланың қатысуымен өткен шарада пәндік олимпиадаларда жоғары жетістікке жеткен 10 оқушыға соңғы үлгідегі ноутбук, тұрмысы төмен отбасылардан шыққан 20 балаға «Балдаурен» республикалық лагеріне жолдама, 300 мектеп оқушысына велосипед сыйға тартылды. Мұнан бөлек, Қызылорда қаласында көпбалалы 50 отбасыға пәтер кілтін табысталса, аймақ басшысының тікелей тапсырмасымен Сыр өңірінде 1,6 млрд теңгеге

80-нен астам спорттық-ойын алаңы салынып, балалар игілігіне пайдалануға берілді. Сондай-ақ, «Қазгермұнай» ұлттық компаниясы басшылығымен келісім нәтижесінде Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі «Оқушылар Сарайының» жобасы басталады.

Осы уақытқа дейінбірқатар нысан қызылордалықтарға тарту етілді. Жалағаш ауданында құны 431 млн. теңгеге 200 орындық Оқушылар үйі мен 50 орындық Өнер мектебі пайдалануға берілді. Теңізді өлке Арал ауданында 150 млн. теңгеге "Балықшылар монументі" мен аллея ашылды. Меценат қаржысы есебінен Жаңақорған ауданында құны 790 млн.теңгені құрайтын заманауи демалыс паркі қолданысқа берілді. Ал, Сырдария ауданының Нағи Ілиясов ауылында жергілікті демеушінің қолдауымен 350 млн. теңгеге «Еңбекшілер аллеясы» бой көтерді. Қызылорда қаласындағы Автобус паркі 100 жаңа көлікпен толықты.

Келер жылдың соңына қарай Қызылорда қаласында Сұлтан Бейбарыс көшесінің бойынан құны 3,7 млрд. теңгеге 1000 орындық өнер орталығы ел игілігіне беріледі. Мұнда мәдениет саласының симфониялық, эстрадалық және ұлттық өнер бағытындағы концерттік бағдарламалар мен түрлі форматтағы қоғамдық іс-шаралар да өткізіледі.

Аймақта шаңырақ көтеруге ниеттенген жастар үшін заманауи үлгідегі Неке сарайы да бой көтеруде. Құны 1,6 млрд. теңгені құрайтын нысан 1,5 жылда пайдалануға берілмек.

Сырдың сол жағалауында тағы бір әлеуметтік нысанның іргетасы қаланды. Құны 2,7 млрд. теңгені құрайтын «Қан орталығы» жылына қан мен оның компоненттерін донациялау көрсеткішін 500-ден 10 мыңға дейінгі жеткізеді. Орталық өңір халқына сапалы қызмет көрсетіп, тұрғындардың денсаулығын арттыруға мүмкіндік бермек.

Белгілі кәсіпкер, меценат Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен құрылысы басталған құны 1,5 млрд. теңгені құрайтын «Анаға тағзым» орталығы шаһардың ажарын аша түседі. Өңірдің Түркістан облысымен шекараласатын тұсынан демеуші есебінен құны 200 млн. теңгеге облыстың кіреберіс қақпасы бой көтеруде. Сондай-ақ, «Саутс Ойл» компаниясы «Қайсар» футбол клубының жанкүйерлері үшін үлкен жабық стадион салуға ниет білдірді.

Сонымен қатар, әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға «Еуразия», «Мұз айдыны» спорт кешендеріне тегін абонемент табысталып, балаларға рухани құндылықтарды насихаттау мақсатында жыл басынан бері балалар үшін 43 тегін спектакль қойылды. 5 мыңнан астам бала музейге тегін экскурсия жасады.

Жаз мезгілінде қала сыртындағы лагерьлерде 8 300 оқушы демалды, ал республикадағы алдыңғы қатарлы тынығу лагерьлерінде жыл көлемінде 1350 баланың демалуына жағдай жасалды.

Бүгінгі таңда 61 қосымша білім беру ұйымында 60 мыңға жуық бала түрлі шығармашылық үйірмелер мен спорттық секцияларға қатысуда.

Еске салсақ, күні кеше Жаңа жыл мерекесі қарсаңында облыс орталығында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылып, 60 пәтердің кілті табысталды және орталық алаңда бас шырша шамы жағылды. Сондай-ақ, жыл соңына дейін бірқатар әлеуметтік нысан пайдалануға берілмек.

## Жаңажылдық шырша шамы жағылды



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жаңа жылдың ажырамас нышаны саналатын шырша жағу рәсіміне қатысты. Дәстүрге сай Сыр елінің бас шыршасы орталық алаңға орнатылды. Оның биіктігі – 25 метр, ені – 11 метр. Іс-шара басталмас бұрын ертегілер кейіпкерлері көрермендерге мерекелік көңіл-күй сыйлап, кішкентай айтыскерлер, «Балбала» теле-байқауының жүлдегерлері Басқар Сырым мен Өмірбекова Еркеназ суырыпсалма сөз өнерімен жиналған халықты сүйсіндірді. Мерекелік шарада аймақ басшысы тұрғындарды ғажайып сәттерге толы Жаңа жыл мейрамымен құттықтап, өңір үшін биылғы жылдың табысты болғанын тілге тиек етіп, әр отбасыға бақ-береке тіледі.

«Биылғы жылы барлық макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша жағымды оң динамикаға қол жеткіздік. Соңғы бес жылда мұнай кен орындарының және уранның нарықтағы сұранысының азаюына байланысты өндіру көлемінің төмендеуіне қарамастан аймақ экономикасын жедел әртараптандыру мен өңдеу өнеркәсібін дамыту мақсатында қабылданған шешімдер өзінің жемісті нәтижесін беруде.

Әсіресе, инвестиция тарту мен құрылыс жұмыстарының көлемі бойынша айтарлықтай өсім қалыптасқан. Туған елге жанашыр жерлестеріміздің арқасында аймағымызда көптеген жаңа нысанның құрылысы жүргізілуде, алдағы уақытта да ауқымды жоспарларымыз бар», - деді облыс әкімі.

Облыстың бас шыршасын жағу мәртебесі өңіріміздің мақтаныштары облыстық және республикалық байқаулардың жеңімпазы Шаймұрат Бақтыгүл мен грек-рим күресінен ҚР-ның еңбегі сіңірген спорт шебері Айдос Сұлтанғалиға табысталды.

Мерекелік іс-шара көңілді концертпен жалғасты.

Айта кетейік, бүгін Жаңа жыл мерекесі қарсаңында облыс орталығында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылып, 60 пәтердің кілті табысталды. Сондай-ақ, жыл соңына дейін бірқатар әлеуметтік нысан пайдалануға берілмек.

**«Ел тілегі» ақпарат**

**БАСПАСӨЗ –2023 І–ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ ЖАЛҒАСУДА**

Республикалық "Ел тілегі" газеті және "Жарасымды жанұя" журналы өңірдегі елеулі оқиғаларды бүкпесіз жеткізіп, халық пен биліктің арасын жалғайтын алтын арқауға айналып, көптің ықыласына бөленіп келеді. Еліңіздің тілегін тыңдап, отбасыңыздың жарасымын ойласаңыз қос басылымға жазылыңыз.

**«Ел тілегі» газетіне жазылу бағасы 6 айға – 2500**

**«Жарасымды жанұя» журналына жазылу бағасы – 2850**

# САЯСИ ПАРТИЯЛАР, ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ТҰРҒАН САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ НАЗАРЫНА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты учаскелік сайлау комиссияларының шығып қалған мүшелерінің орнына және жаңадан қалыптасқан учаскелік сайлау комиссияларының құрамына сайлау өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Саяси партиялар, өзге де қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылатын сайлау комиссияларынан жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2022 жылғы 29 желтоқсан – 2023 жылғы 12 қаңтар аралығында Қызылорда қалалық мәслихатына мынадай құжаттарды тапсырады:

1) тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидатты ұсыну туралы саяси партия органының, өзге қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің отырысы хаттамасынан үзінді көшірме, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімінен үзінді көшірме;

2) саяси партияның, өзге қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің әділет органдарында тіркелгені туралы құжаттың көшірмесі;

3) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысандағы өтініші (Өтініштің нысанын тиісті мәслихаттан алуға болады.);

4) сайлау комиссияларының құрамына кандидаттар туралы, бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық және қағаз форматта жасалған, белгіленген нысандағы мәліметтер.

Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатура ұсынуға құқылы.

Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, Қызылорда қалалық мәслихаты сайлау комиссиясын өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адам Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Сайлау комиссиясының мүшесі тиісті комиссия орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында тұруға тиіс.

Сайлау комиссиясы бір ұйымның қызметкерлерінен тұрмауға тиіс.

Мәслихатқа ұсынылатын қағаз форматтағы барлық құжаттарға қол қойылған, мөрмен расталған болуға және орындалған күнін, орындаушы туралы, оның аты-жөні мен телефон нөмірі көрсетілген белгіні қамтуға тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамы жөніндегі ұсыныстарды қабылдау 2023 жылғы 12 қаңтарға дейін, дүйсенбі-жұма күндері сағат 9:00-ден 19:00-ге дейін жүзеге асырылады, үзіліс - 13:00-ден бастап 15:00-ге дейін.

**Қызылорда қалалық маслихаты**

Құттықожаев Ибадулла Дүйсенбайұлы – Қызылорда қалалық маслихатының хатшысы.

Мәслихаттың орналасқан жері: Қызылорда қаласы, Жахаев көшесі, № 16.

Жауапты тұлға – Мұхтаров Мұрат Абдуллаұлы, қалааралық телефон коды (87242), қызметтік телефондары 27-42-07, 27-46-03, электрондық пошта мекенжайы kalalik-maslihat@mail.ru.

| Р/с | Комиссия түрі | Учаске нөмірі | Сайлау комиссиясының орналасқан жері | Комиссия мүшелерінің саны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №173 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, М.Көкенов көшесі, нөмірсіз, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Ә.Молдағұлова атындағы № 173 орта мектебі» КММ | 1 |
| 2 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №174 | Қызылорда облысы,Қызылорда қаласы, Ә.Қашаубаев көшесі нөмірсіз, «Қалалық мәдениет үйлері, клубтар және халықтық ұжымдар» МКҚК М.Ералиева атындағы мәдениет үйі | 5 |
| 3 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №175 | Қызылорда облысы,Қызылорда қаласы, Камалов көшесі, № 39"А", «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Ы.Алтынсарин атындағы № 10 мектеп-лицейі» КММ | 1 |
| 4 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №179 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Момышұлы көшесі №78а, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№253 орта мектебі» КММ | 1 |
| 5 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №183 | Қызылорда облысы,Қызылорда қаласы, Жанқожа батыр көшесі, №92, «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының Жалаңтөс Баһадүр Сейтқұлұлы атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» КММ | 1 |
| 6 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №185 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Торайғыров көшесі №67, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Ж.Махамбетов атындағы №43 орта мектебі» КММ | 1 |
| 7 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №188 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, «Ақмешіт» мөлтек ауданы, №34, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Н.Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназиясы» КММ | 1 |
| 8 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №192 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Әбуов көшесі, №31, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда қалалық ауруханасы» ШЖҚ КМК | 1 |
| 9 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №193 | Қызылорда облысы,Қызылорда қаласы, Тоқтыбаев көшесі, №5, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Қалтай Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясы» КММ | 3 |
| 10 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №198 | Қызылорда облысы,Қызылорда қаласы, Әуелбеков көшесі, №10, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейі» КММ | 1 |
| 11 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №199 | Қызылорда облысы,Қызылорда қаласы, Тоқмағанбетов көшесі, №9, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Қызылорда қалалық қосымша білім беру оқу әдістемелік орталығы» КММ | 3 |
| 12 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №201 | Қызылорда облысы,Қызылорда қаласы, Қоңыратбаева көшесі, №22, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Ғани Мұратбаев атындағы №171 орта мектебі» КММ | 1 |
| 13 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №202 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Қорқыт ата көшесі №113, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Б.Шалғынбаев атындағы №217 ақпараттық технология мектеп-лицейі (ІТ-мектеп-лицей)» КММ | 4 |
| 14 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №203 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Қорқыт ата көшесі, №24, «Қызылорда облысының білім басқармасының «М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғарғы колледжі» КМҚК | 1 |
| 15 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №205 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Жахаев көшесі, № 80, «Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті» комерциялық емес АҚ-ның № 6 ғимараты | 2 |
| 16 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №208 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Жалаңтөс Баһадур көшесі, № 8 «А», «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 7 арнаулы түзету мектебі-интернаты» КММ | 2 |
| 17 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №209 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, А.Иманов көшесі, № 66, «Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті» комерциялық емес АҚ-ның № 9 ғимараты | 1 |
| 18 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №215 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, М.Шоқай көшесі, № 147, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «М.Шоқай атындағы №187 ақпараттық технология мектеп-лицейі (ІТ-мектеп-лицей)» КММ | 2 |
| 19 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №217 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, «Шұғыла» шағын ауданы, №47, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Көмекбай Қаракөзов атындағы №235 орта мектебі» КММ | 1 |
| 20 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №218 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, «Шұғыла» шағын ауданы, №78, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 7 мектеп-лицейі» КММ | 1 |
| 21 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №222 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Жібек жолы көшесі, №2 "А", «Қызылорда облысының білім басқармасының «Мұстахым Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжі» КМҚК | 2 |
| 22 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №224 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Ғ.Мұратбаев көшесі, №2, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№176 орта мектебі» КММ | 1 |
| 23 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №229 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Ақжарма ауылдық округі, Талдыарал елді мекені, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 215 орта мектебі» КММ | 1 |
| 24 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №231 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Қосшыңырау а/о, Абай ауылы, Бейбітшілік көшесі, № 22, ҚР Қызылорда қаласы Қосшыңырау ауылдық округі әкімі аппаратының «Абай мәдениет үйі» МКҚК | 1 |
| 25 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №248 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Құмкөл кен орны, Арысқұм, «ПетроҚазахстанҚұмкөлРесорсиз» бірлескен кәсіпорынның ауысымдық қыстағы | 1 |
| 26 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №250 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Әл-Фараби көшесі, №1, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Серәлі Лапин атындағы № 261 орта мектебі» КММ | 1 |
| 27 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №253 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, № 64, Қызылорда көпсалалы «ҰЛАҒАТ Қызылорда» колледжі мекемесі | 1 |
| 28 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №256 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Әл-Фараби көшесі, нөмірсіз, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Серәлі Лапин атындағы № 261 орта мектебі» КММ | 3 |
| 29 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №262 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Камалов көшесі, №39"А", «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Ы.Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицейі» КММ | 1 |
| 30 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №263 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Жібек жолы көшесі, №61, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Әли Мүсілімов атындағы № 101 орта мектебі» КММ | 2 |
| 31 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №265 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Ақсуат ауылдық округі, Ж.Махамбетов ауылы, Б.Жөнбаев көшесі, №49, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 268 мектеп-лицейі» КММ | 1 |
| 32 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №266 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Қызылжарма ауылдық округі, Батырбаев көшесі №2, «ҚР Ұлттық ұланның №5547 әскери бөлімі» РММ | 1 |
| 33 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №348 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Саяхат мөлтек ауданы, А.Айдосов көшесі № 34а, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің "Сыр бөбегі" бөбекжай бақшасы» МКҚК | 1 |
| 34 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №353 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Түркістан көшесі, №54, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандырылған сыныптары бар мектеп» КММ | 2 |
| 35 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №360 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, М.Көкенов көшесі, нөмірсіз, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Ә.Молдағұлова атындағы №173 орта мектебі» КММ | 2 |
| 36 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №366 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Қ.Қазантаев көшесі, № 43, ҚР Қызылорда қаласы Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» КММ | 2 |
| 37 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №370 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Қызылжарма а/о, Әбенов көшесі, №32, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің "Сыр дидары" бөбекжай бақшасы» МКҚК | 1 |
| 38 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №372 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Сол жақ жағалау, нөмірсіз, «Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ | 1 |
| 39 | Учаскелік сайлау комиссиясы | №374 | Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Жанкент көшесі, №1, «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің "Ер тарғын" бөбекжай бақшасы» МКҚК | 3 |

**Қызылорда қалалық мәслихаты**

# ВНИМАНИЮ ПОЛИТИЧЕСКИХ ПАРТИЙ, ОБЩЕСТВЕННЫХ ОБЪЕДИНЕНИЙ И ВЫШЕСТОЯЩИХ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ КОМИССИЙ

В соответствии с Конституционным законом Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Кызылординский городской маслихат сообщает о проведений выборов в место выбывших членов участковых избирательных комиссий и в состав вновь сформированных участковых избирательных комиссий.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящие, по отношению к формируемым, избирательные комиссии с 29 декабря 2022 года - 12 января 2023 года представляют в Кызылординский городской маслихат следующие документы:

1) выписку из протокола заседания органа политической партии, иного общественного объединения, их структурных подразделений, выписку из решения вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующих избирательных комиссий;

2) копию документа о регистрации политической партии, иного общественного объединения, их структурных подразделений в органах юстиции;

3) заявление кандидата в соответствующий маслихат о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме (форму заявления можно получить в маслихате);

4) сведения о кандидатах в состав избирательных комиссий по установленной форме, сформированной посредством программного обеспечения, в электронном и бумажном формате.

Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия предложений политических партий Кызылординский городской маслихат избирает избирательную комиссию по предложению иных общественных объединений и вышестоящих избирательных комиссий.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выборах.

Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится соответствующая комиссия.

Избирательная комиссия не должна состоять из работников одной организации.

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием предложений по составу избирательных комиссий осуществляется до 12 января 2023 года с понедельника по пятницу с 09:00 до 19:00 часов, перерыв с 13:00 до 15:00 часов.

**Кызылординский городской маслихат**

Куттыкожаев Ибадулла Дуйсенбаевия – секретарь Кызылординского городского маслихата.

Местонахождение маслихата: город Кызылорда, улица Жахаева, 16.

Ответственное лицо – Мухтаров Мурат Абдуллаевич, междугородний телефонный код (87242), номера служебного телефона: 274267, 27-46-03, адрес электронной почты kalalik-maslihat@mail.ru.

| № | Вид комиссии | Номер участка | Местоположение избирательной комиссии | Число членов комиссии |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Участковая избирательная комиссия | №173 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица М. Кокенова, без номера, коммунальное государственное учреждение "Средняя школа №173 имени Алии Молдагуловой"Отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области" | 1 |
| 2 | Участковая избирательная комиссия | №174 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица А.Кашаубаева без номера, КП "Городские дома культуры, клубы и фольклорные коллективы" Дом культуры имени М. Ералиевой | 5 |
| 3 | Участковая избирательная комиссия | №175 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица Камалова № 39А, Коммунальное государственное учреждение "Школа-лицей №10 имени Ы.Алтынсарина"Отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области | 1 |
| 4 | Участковая избирательная комиссия | №179 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица Момышулы №78а, Коммунальное государственное учреждение "Средняя школа №253" Отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области" | 1 |
| 5 | Участковая избирательная комиссия | №183 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица Жанкожа батыра №92, Коммунальное государственное учреждение "Областная специализированная школа-интернат-колледж олимпийского резерва имени Жалантос Бахадур Сейткулулы управления физической культуры и спорта Кызылординской области" | 1 |
| 6 | Участковая избирательная комиссия | №185 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица Торайгырова №67, Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа №43 имени Ж.Махамбетова» Отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области» | 1 |
| 7 | Участковая избирательная комиссия | №188 | Кызылординская область, город Кызылорда, микрорайон "Акмешит" №34, Коммунальное государственное учреждение "Школа-гимназия №9 имени н.ильясова отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области" | 1 |
| 8 | Участковая избирательная комиссия | №192 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица Абуова, № 31, ГКП «Кызылординская городская больница» управления здравоохранения Кызылординской области | 1 |
| 9 | Участковая избирательная комиссия | №193 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица И. Токтыбаева №5, Коммунальное государственное учреждение «Школа-гимназия №1 имени Калтая Мухамеджанова» отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области» | 3 |
| 10 | Участковая избирательная комиссия | №198 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица Ауельбекова, № 10, "Отдел образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области КГУ «Школа-лицей № 5 имени И.В. Панфилова» | 1 |
| 11 | Участковая избирательная комиссия | №199 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица Токмаганбетова, № 9, "Отдел образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области КГУ «Кызылординский городской учебно-методический центр дополнительного образования» | 3 |
| 12 | Участковая избирательная комиссия | №201 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица Коныратбаева, № 22, "Отдел образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области КГУ «Средняя школа № 171 имени Гани Муратбаева» | 1 |
| 13 | Участковая избирательная комиссия | №202 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица Коркыт ата № 113, "Отдел образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области КГУ «Школа-лицей информационных технологий № 217 имени Б.Шалгынбаева (ИТ-школа-лицей)» | 4 |
| 14 | Участковая избирательная комиссия | №203 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица Коркыт ата, № 24, КГКП «Кызылординский высший педагогический колледж имени М.Маметовой управления образования Кызылординской области» | 1 |
| 15 | Участковая избирательная комиссия | №205 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица Жахаева, № 80, Здание № 6 некоммерческого АО «Кызылординский университет имени Коркыт ата» | 2 |

(Жалғасы 3-бетте)

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 16 | Участковая избирательная комиссия | №208 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица Жалангтса Бахадура, № 8 «А», "Отдел образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области КГУ «Специальная коррекционная школа-интернат № 7» | 2 |
| 17 | Участковая избирательная комиссия | №209 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица А.Иманова, № 66, здание № 9 некоммерческого АО «Кызылординский университет имени Коркыт ата» | 1 |
| 18 | Участковая избирательная комиссия | №215 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица М. Шокая № 147, КГУ «школа-лицей информационных технологий №187 имени М.Шокая (IT-школа-лицей)» отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области» | 2 |
| 19 | Участковая избирательная комиссия | №217 | Кызылординская область, город Кызылорда, микрорайон "Шугыла"№47, КГУ «средняя школа №235 имени Комекбая Каракозова» отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области» | 1 |
| 20 | Участковая избирательная комиссия | №218 | Кызылординская область, город Кызылорда, микрорайон "Шугыла" №78, КГУ «школа-лицей №7» отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области» | 1 |
| 21 | Участковая избирательная комиссия | №222 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица Жибек жолы №2"А", КГКП «Кызылординский политехнический колледж имени Мустахыма Ихсанова управления образования Кызылординской области» | 2 |
| 22 | Участковая избирательная комиссия | №224 | Кызылординская область, город Кызылорда, поселок Тасбогет, улица Г. Муратбаева №2, КГУ «средняя школа №176» отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области» | 1 |
| 23 | Участковая избирательная комиссия | №229 | Кызылординская область, город Кызылорда, сельский округ Акжарма, населенный пункт Талдыарал, КГУ «средняя школа № 215» отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области» | 1 |
| 24 | Участковая избирательная комиссия | №231 | Кызылординская область, город Кызылорда, село Абай, улица Бейбитшилик №22, ГККП «Дом культуры Абая» аппарата акима сельского округа Косшынырау | 1 |
| 25 | Участковая избирательная комиссия | №248 | Кызылординская область, город Кызылорда, месторождение Кумколь, Арыскум, вахтовый поселок совместного предприятия «ПетроКазахстан Кумколь Ресорсиз» | 1 |
| 26 | Участковая избирательная комиссия | №250 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица Аль-Фараби №1, КГУ «средняя школа №261 имени Серали Лапина» отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области» | 1 |
| 27 | Участковая избирательная комиссия | №253 | Кызылординская область, город Кызылорда, проспект Абая, №64, Учреждение многопрофильный колледж "Ұлағат Қызылорда" | 1 |
| 28 | Участковая избирательная комиссия | №256 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица Аль-Фараби, без номера, КГУ "Средняя школа № 261 имени Серали Лапина" отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области" | 3 |
| 29 | Участковая избирательная комиссия | №262 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица Камалова №39А, КГУ "Школа-лицей №10 имени Ы.Алтынсарина" отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области" | 1 |
| 30 | Участковая избирательная комиссия | №263 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица Жибек жолы №61, КГУ "Школа-лицей №101 имени Али Муслимова" отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области" | 2 |
| 31 | Участковая избирательная комиссия | №265 | Кызылординская область, город Кызылорда, аульный округ Аксуат, село Ж.Махамбетова, улица Б.Жалбаева №49, КГУ "Школа-лицей №268" Отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области | 1 |
| 32 | Участковая избирательная комиссия | №266 | Кызылординская область, город Кызылорда, сельский округ Кызылжарма, улица Батырбаева №2, РГУ «Воинская часть №5547 Национальной гвардии РК» | 1 |
| 33 | Участковая избирательная комиссия | №348 | Кызылординская область, город Кызылорда, микрорайон Саяхат, улица А. Айдосова №34а, КГКП "Ясли-сад "Сыр бөбегі" отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области" | 1 |
| 34 | Участковая избирательная комиссия | №353 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица Туркестан №54, КГУ "Школа имени Абая со специализированными классами для одаренных детей с обучением на трех языках" отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области" | 2 |
| 35 | Участковая избирательная комиссия | №360 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица М. Кокенова, без номера, КГУ "Средняя школа №173 имени Алии Молдагуловой" отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области" | 2 |
| 36 | Участковая избирательная комиссия | №366 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица К. Казантаева № 43, КГУ "Кызылординский городской отдел занятости, социальных программ и регистрации актов гражданского состояния" акимата города Кызылорда | 2 |
| 37 | Участковая избирательная комиссия | №370 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица Абенова №32, КГКП "Ясли-детский сад "Сыр дидары" отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области | 1 |
| 38 | Участковая избирательная комиссия | №372 | Кызылординская область, город Кызылорда, Левый берег, без номера, КГУ "Молодежный ресурсный центр" управления внутренней политики Кызылординской области" | 1 |
| 39 | Участковая избирательная комиссия | №374 | Кызылординская область, город Кызылорда, улица Жанкент №1, КГКП "Ясли-детский сад "Ер Тарғын" отдела образования по городу Кызылорда управления образования Кызылординской области" | 3 |

**Кызылординский городской маслихат**

**Қызылорда қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 26 желтоқсандағы № 1511 қаулысы**

# Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі № 1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы № 374 қаулысына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 01-1/1218 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік иесі «Дәнекер құрылыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қызылорда қаласы, Сырдария өзенінің сол жақ жағалауы, № 65 үй мекенжайындағы көпқабатты тұрғын үй құрылысы үшін көлемі 512,0 (бес жүз он екі) шаршы метр кадастрлық нөмірі 10-156-086-379 жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті инженерлік - коммуникациялық желілермен қабаттасуына байланысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылғы 29 наурыз болып белгіленсін.
3. Меншік иелері мен мемлекеттік емес жер пайдаланушылар жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Мұстафа Шоқай көшесі, № 147 үй, № 21 кабинет болып белгіленсін.
4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жер қатынастары бөлімі» және «Қызылорда қаласының ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемелері заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда қаласының әкімі А. Шаменов**

**Постановление акимата города Кызылорда № 1511 от 26 декабря 2022 года**

# О начале принудительного отчуждения земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» и Постановлением Правительства Республики Казахстан от 6 июня 2019 года № 374 «О внесении изменений в постановление Правительства Республики Казахстан от 17 июля 2009 года № 1087 «О генеральном плане города Кызылорды Кызылординской области», рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Кызылординский городской отдел строительства» акимата города Кызылорда № 01-1/1218 от 19 декабря 2022 года, акимат города Кызылорда **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Начать принудительное отчуждение земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка кадастровым номером 10-156-086-379 для государственных нужд у собственника товарищества с ограниченной ответственностью «Строительная компания Данекер» в связи с накладкой инженерно – коммуникационными сетями, расположенный по адресу: город Кызылорда, Левый берег реки Сырдарья, дом № 65, площадью 512,0 (пятьсот двенадцать) квадратных метров для строительства многоэтажного жилого дома.
2. Датой принудительного отчуждения определить 29 марта 2023 года.
3. Местом обращения собственников и негосударственных землепользователей, определить: город Кызылорда, улица Мустафа Шокая, №147, кабинет №21.
4. Коммунальным государственным учреждениям «Кызылординский городской отдел земельных отношений» и «Кызылординский городской отдел внутренней политики» акимата города Кызылорда в установленном законодательством порядке принять меры, вытекающие из настоящего постановления.
5. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.
6. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

**Аким города Кызылорда А. Шаменов**

# Жемқорлықпен күрес баршаға ортақ

**Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық - заманмен бірге өсіп-өркендеп, қайда қаражат мол болса, сол жерде тереңінен тамыр жайып бүгінге дейін жойылмай отыр. Ал оны жою немесе болдырмау үшін қоғам болып белсенділік танытып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыруымыз қажет.**

Сыбайлас жемқорлық - экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Сонымен қатар, парақорлық мемлекеттік атқарылатын қызметтердің қалыпты жұмыс жасауына бөгет болып, билік пен басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді. Президентіміз Қазақстан халқына әр Жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске ерекше мән беріп, осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясатын ұстанып келеді.

2015 жылдың 18 қарашасында ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы қабылданып, онда сыбайлас жемқорлықпен күресу әрбір мемлекеттік органдар басшыларының, ел азаматтарының міндеті екендігі атап көрсетілген. Осы орайда облысымыздағы қауіпті өндірістік объектілері бар кәсіпорындарға тексеру жұмыстарын жүзеге асыратын ҚР Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінде әрбір өткізілетін іс-шаралар қарсаңында Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы мәдениет қалыптастыру мақсатында түсіндіру жұмыстары күн тәртібінде міндетті түрде қойылады. Жемқорлықпен күрес ең алдымен адами фактордың таным-түсінігіне, рухани кемелдігіне байланысты. Әрбір азамат және әрбір мемлекеттік қызметші қандай жағдай болмасын сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру керек. Қоғамның басты ескеретіні ұсыныс жасаушылық тарапы болса, бас тарту ісін алға қоюы тиіс. Сондықтан біртұтас қоғам ретінде біз де жүйелі түрде бұл кеселден қашуымыз керек. Сол кезде сыбайлас жемқорлықтың қоғамға төнген қауіпінен құтыламыз деп сенемін.

Егер сізге сыбайлас жемқорлық фактілері белгілі болса, тәулік бойы жұмыс істейтін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің 1424 Call - орталығына немесе ҚР Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің сенім телефоны: 8(724)226-47-17 нөміріне хабарласуға мүмкіндігіңіз бар.

**Ж. БАЛҒАБАЕВ,**
**ҚР Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысы**

**ҚР Ұлтық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментімен 2022 жылғы желтоқсан айының 19 жұлдызындағы № 100-НҚ бұйрығымен бекітілген, ШЖҚ «Қызылорда су жүйесі» МКК-ның 2020-2024 жылдарға суды таратушы желілер арқылы беру, сарқынды суды бұру және тазарту қызметтері бойынша, 2023 жылдың қаңтар айының 01 жұлдызынан бастап енгізілетін жаңа шекті деңгей тарифтері**

| № п/п | Қызмет/тұтынушы атаулары | Өлшем бірлігі | ҚҚС-сыз тарифі | ҚҚС-мен тарифі (12%) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| I | Суды таратушы желілер арқылы беру қызметі | | | |
| | Орташа тариф | теңге/$м^3$ | 59,82 | 67,00 |
| | Халыққа | теңге/$м^3$ | 38,85 | 43,51 |
| | Жылу энергетика саласындағы кәсіпорындарға | теңге/$м^3$ | 63,43 | 71,04 |
| | Бюджеттік мекемелерге | теңге/$м^3$ | 90,03 | 100,83 |
| | Тұтұнушылардың басқа топтарына | теңге/$м^3$ | 128,23 | 143,62 |
| II | Сарқынды суды бұру және тазарту қызметі | | | |
| | Орташа тариф | теңге/$м^3$ | 67,35 | 75,43 |
| | Халыққа | теңге/$м^3$ | 42,27 | 47,34 |
| | Жылу энергетика саласындағы кәсіпорындарға | теңге/$м^3$ | 69,99 | 78,39 |
| | Бюджеттік мекемелерге | теңге/$м^3$ | 108,01 | 120,97 |
| | Тұтұнушылардың басқа топтарына | теңге/$м^3$ | 117,51 | 131,61 |

**Предельные уровни тарифов ГКП на ПХВ «Кызылорда су жуйеси» на 2020-2024 гг. по услуге подача воды по распределительным сетям, отвод и очистка сточных вод, утвержденные Приказом Департамента комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики РК по Кызылординской области № 100-ОД от 19 декабря 2022 года, вводимые 01 января 2023 года.**

| № п/п | Вид услуги | Ед. изм. | Тарифы без НДС | Тарифы с НДС(12%) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| I | Услуга по подаче воды по распределительным сетям | | | |
| | Средне отпускной тариф | тенге/$м^3$ | 59,82 | 67,00 |
| | для населения | тенге/$м^3$ | 38,85 | 43,51 |
| | для предприятий в сфере теплоэнергетики | тенге/$м^3$ | 63,43 | 71,04 |
| | для бюджетных организаций | тенге/$м^3$ | 90,03 | 100,83 |
| | тариф для прочих потребителей | тенге/$м^3$ | 128,23 | 143,62 |
| II | Услуга по отводу и очистки сточных вод | | | |
| | Среднеотпускной тариф | тенге/$м^3$ | 67,35 | 75,43 |
| | для населения | тенге/$м^3$ | 42,27 | 47,34 |
| | для предприятий в сфере теплоэнергетики | тенге/$м^3$ | 69,99 | 78,39 |
| | для бюджетных организаций | тенге/$м^3$ | 108,01 | 120,97 |

# 2023 ЖЫЛЫ МӘМС ҮШІН КІМДЕР ҚАНША ТӨЛЕЙДІ?

«2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңға сәйкес 2023 жылы ең төменгі жалақы мөлшері 70 мың теңгені құрады. Алдағы жылы МӘМС үшін аударымдар мен жарналардың сомасы қандай? Бұл сұраққа Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов жауап берді.

Жұмыс берушілер қызметкерлері үшін - жалақының 3% мөлшерінде. 10 ЕТЖ артық емес немесе 21 000 теңге.

Қызметкерлер, оның шінде ақс шарты бойынша жұмыс істейтіндер - табысының 2%. 10 ЕТЖ артық емес немесе 14 000 теңге.

Жеке кәсіпкерлер (ЖК). ЕТЖ-ның 1,4 еселенген мөлшерінің 5%-ы немесе 4 900 теңге.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар немесе БЖТ төлеушілер. Республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың тұрғындары үшін БЖТ көлемі 1 АЕК құрайды, яғни 3 450 теңге. Қалған елді мекендердің тұрғындары үшін БЖТ көлемі 0,5 АЕК құрайды, яғни 1 725 теңге.

Дербес төлеушілер үшін жарна сомасы да 2023 жылы өзгерді және 3 500 теңгені (1 МЗП-дан 5%) құрады.

Мемлекет 15 жеңілдік санатына кіретін азаматтар үшін төлем жасайды.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап азаматтардың жеңілдікті санатындағы 1 адамға жарна мөлшері Мемлекет жарналарын есептеу объектісінің 1,8% құрайды. Бұл мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ағымдағы қаржы жылының 2 жылының алдындағы орташа айлық жалақы.

Сіз жарналарды төлеу екінші деңгейдегі банктер және олардың интернет-сервистері, Kaspi.kz, Halyk Bank мобильді қосымшалары, «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, төлем терминалдары (Qiwi, Kassa24 және т.б.).

# Тіркеу науқаны: емхананы ауыстырғысы келетіндер саны 2,5 есеге өсті

15 қыркүйектен 15 қарашаға дейінгі аралықта еліміз бойынша жыл сайынғы емханаға тіркеу науқаны өтті, оның шеңберінде қазақстандықтар 2023 жылға өздеріне қызмет көрсететін емхананы ауыстыруға мүмкіндік алды. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры атап өткендей, биылғы күзде бұл мүмкіндікті пайдалануға ниет білдірушілер саны өткен жылғы акциямен салыстырғанда 2,5 есеге көп болды.

Өткізілген науқанның алдын ала нәтижелері бойынша емханаларға тіркелген халық саны шамамен 19,7 млн адамды құрады, оның ішінде 2023 жылға арналған тіркеу науқанының мүмкіндіктерін шамамен 277 мың адам пайдаланған.

Бұл ретте алғаш рет МСАК ұйымдарына 24 мыңға жуық тұрғын тіркелді, ал 165,5 мың адам қазіргі қызмет көрсету емханасын басқасына ауыстыруға шешім қабылдады.

2023 жылға арналған тіркеу науқанына 717 алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымы қатысты, олардың 83-і – жаңа жеткізушілер, яғни науқан шеңберінде алғаш рет өздерінің тіркеу қызметтерін ұсынды.

Естеріңізге сала кетейік, тіркеу науқаны жыл сайын 15 қыркүйектен 15 қарашаға дейін өткізіледі. Осы кезеңде тұрғындар келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап өздеріне қызмет көрсететін емхананы таңдай алады. Аталмыш науқан аясында сіз емханаға бірінші рет тіркеле аласыз, өзіңізге қызмет көрсететін ұйымды өзгерте аласыз немесе өз емханаңыздағы учаскелік дәрігерді ауыстыра аласыз. Тіркелетін емхананы таңдау кезінде үйіңізге жақын емхананы таңдау ұсынылады, себебі үйдегі медициналық көмекті емхананың қызмет көрсету аумағында тұратын пациенттер ала алады.

Сіз қай МСАК ұйымына тіркелгеніңізді электрондық үкіметтің веб-порталында (жеке деректерде) тексере аласыз.

# Шетел азаматтарына мемлекеттік органдармен маман сертификатын беру тәртібі

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде денсаулық саласында медициналық және (немесе) фармацевтикалық білім алған көрсетілетін қызметті алушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 19 шілдедегі № 352 «Білім туралы құжаттарды тану қағидасын, сондай-ақ білім туралы құжаттары Қазақстан Республикасының аумағында танылатын шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген білім туралы құжаттарды тану қағидасын, сондай-ақ білім туралы құжаттары Қазақстан Республикасының аумағында танылатын шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қағидаларына сәйкес олардың білімі және (немесе) біліктілігі танылған жағдайда сертификаттауға жіберіледі.

Біріншіден, клиникалық практикаға жіберу үшін шетелдік маманға сертификат беру рәсімі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-274/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде денсаулық сақтау саласында медициналық және (немесе) фармацевтикалық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарын бекіту туралы» бұйрығымен регламенттелгенін атап өту қажет.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-274/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде денсаулық сақтау саласында медициналық және (немесе) фармацевтикалық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарын бекіту туралы» бұйрығына ҚР Денсаулық сақтау министрінің 15.11.2022 жылы № ҚР ДСМ-134 бұйрығымен өзгерістер мен толқтырулар енгізіліп, 24.11.2022 жылы қолданысқа енгізілді.

Көрсетілетін қызметті алушы сертификаттаудан өту және қолданыстағы маман сертификатын растау үшін негізгі еңбек қызметін жүзеге асыру орны бойынша өтінішті Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің аумақтық департаменттеріне (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) «электрондық үкімет» www.egov.kz, www.elicense.kz (бұдан әрі – портал) веб-порталы арқылы жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушылар өтінім берген кезде электрондық түрде өтініш пен мәліметтер нысанын аталған бұйрыққа сәйкес толтыруы қажет.

Қызмет көрсету мерзімі - 5 жұмыс күні. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті беруші – демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін жұмыс істейді.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстан Республикасы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 27-бабына сәйкес маманның сертификатынсыз клиникалық практикамен айналысуға тыйым салынады.

**Әбуова Алтынай Досымқызы,**
**ҚР ДСМ Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы**

# Ел ырзығы

**Жаңа жыл мерекесі қарсаңында Сыр диқандары мен тауарөндірушілері облыс орталығында ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін ұйымдастырды. Жергілікті жұртшылық тарапынан аудандардан 200 жүк көлігімен жеткізілген 500 тоннаға жуық өнімдерге зор сұраныс болды.**



Тасбөгет кентінде Шиелі ауданының еңбеккерлері 24 жүк көлігімен 40 тонна өнім алып келді. Ал Арал мен Жалағаш тауарөндірушілері қаланың шеткі аймағындағы С.Торайғыров көшесінің бойында өздері жинаған өнімдерді ұсынды. Теңіз төскейіндегі өңірдің еңбек адамдары Қызылорда қаласына 20 тоннадан астам азық-түлік жеткізді. Молшылық мерекесінде олар облыс орталығы тұрғындарына 15 тонна мұздатылған балық және 1,5 тонна ет өнімдері, 3 тонна ас тұзы, құрт, ірімшік, 300 литр шұбат сатты. Қалаға жақын орналасқан Жалағаш диқандары 150 тоннаға жуық ауыл шаруашылығы өнімдерін ұсынды. Оның ішінде күріш, ет өнімдері, картоп, пияз басым бөлігін құрайды.

Сондай-ақ, «Шұғыла» шағын ауданының тұрғындары Қазалы мен Сырдария аудандарынан әкелінген ауыл шаруашылығы өнімдерінен ауыз тиді. Қазалыдан 50 тоннадан астам өнім тұтынушыларға жол тартса, онда сүт өнімдері мен Қазалы кәмпитіне сұраныс ерекше артты. Ал сырдариялық диқандар 30 тоннаға жуық азық-түлік тауарларын жеткізген. Оның ішінде 15 тоннадан астам күріш, 6 тонна картоп, 7 тонна сәбіз, пияз, асқабақ және сүт өнімдері бар.

– Кейінгі уақытта Қызылорда қаласында ауыл шаруашылығы өнімдері жәрмеңкесі жиі ұйымдастырылады. Бұл өнім өндірушілерге де, тұтынушыларға да тиімді. Жәрмеңкені аралау барысында өзімізге қажетті өнімдерді алуға назар аудардық. Осылайша қысқа қажетті азық-түлік өнімдерінің қорын жасап алдық, – дейді қала тұрғыны Қайрат Файзоллаұлы.

Қаланың орталық бөлігінде орналасқан Астана даңғылының бойында жаңақорғандық еңбекшілер өздері өндірген ауыл шаруашылығы дақылдарын алып келді. Оның жалпы көлемі 120 тоннаны құрайды.

Аудан еңбеккерлері қала тұрғындарына негізінен күріш, көкөніс-бақша дақылдарын жеткізген. Аталған өнімдер базар бағасынан біршама арзанға сатылды. Мәселен, тұтынушыларға картоп 150, сәбіз 140, пияз 150, қырыққабат 80, қызанақ 680, асқабақ 220, алма 300 теңгеден ұсынылды. Әсіресе тұрғындар қаймақ, құрт, ірімшік, сөк, талқан, бал, балық, ет өнімдеріне сұраныс танытты.

«Ақмешіт» шағын ауданындағы Журба көшесінде Қармақшы ауданының ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі де ұйымдастырылды. Онда 55 тонна азық-түлік өнімдері сатылды.

**«Ел тілегі» ақпарат**

# АНТҚА АДАЛДЫҚ

**Қызылорда қаласының жанында орналасқан Тасбөгет кенті және оның айналасындағы елді мекендердің 40000-нан астам халқына № 4 қалалық емхананың мамандары қызмет көрсетіп келеді. «Қазақстан Республикасында жедел медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 3 шілдедегі №450 бұйрығына сәйкес облыс бойынша емханалар жанында жаңадан жедел жәрдем бөлімшлері құрыла бастады.**

Бөлімшелерді құру мақсаты науқастарға уақытылы, дер кезінде жедел медициналық көмек көрсету болатын, яғни бұл шақырыстарды орындау « Қызылорда облыстық медициналық жедел жәрдем стансасына» жүктелген, ал емханалардың шақырыс топтары өмірі мен денсаулығына тікелей қәупі жоқ немесе созылмалы аурулардың өршуінен туындыған жағдайларға, яғни 4- санатты шұғыл медициналық көмек көрсетеді. Нақтырақ тоқталсақ, дене қызуының көтеріліп, өздігінен түспеуі, 12 аптаға дейінгі жүкті әйелдердегі кездесетін жағдайлар, жануарлар мен жәндіктердің шағуы, жеңіл жарақаттар , асқынусыз артериалды гипертензия т.б.

№ 4 қалалық емхананың шақырыс топтары 2018 жылдың мамыр айынан бастап , кент аймағындағы халыққа тәулік бойы шұғыл медициналық көмек көрсетіп отыр. Бөлімшеде тәулік бойы 2 шақырыс тобы қызмет атқарады, кешкі мезгілде қосымша бір топ еңбек етеді. Жылына 15-16 000 шақырыс орындайды.

Ұжымда 45 қызметкер жұмыс жасайды, алды жедел жәрдем саласында 40 жылға жуық еңбек етіп, халық алғысына бөленіп жүрген жоғарғы санатты майталман мамандарымыз бар. Атап айтсақ,«Қызылорда облыстық медициналық жедел жәрдем стансасында ұзақ жылдар қызмет еткен, соңғы кезде емхананың жедел жәрдем бөлімінде жұмыс жасап жүрген, Тасбөгет кенті халқына танымал мамандарымыз: Берканова А.С, Рахметова С.Қ, Утепберген Т.О, Махамбетов М.Қ, Тәжібаева Қ.Ш., Иманова Н.А. және т.б.

Шақырыс топтары шұғыл жағдайларда көмек көрсетуге қажетті дәрі-дәрмектермен және медициналық аппараттармен қамтамасыз етілген. Шұғыл медициналық көмек ҚР ДСМ-нің хаттамалары мен алгаоритмдеріне сай көрсетіледі. Тәжірибелі мамандарымыз тәлімгерлік жұмысты да абыроймен атқарып, жас буын фельшерлердің білікті маман болып қалыптасуына зор ықпал етіп отыр.

Бөлімшеде жаста болса ісіне тиянақты, жауаркершілікті сезініп, ізденуден жалықпайтын жас мамандар көп. Ж.Сабитов, Б.Қажен, Б.Ібайділдаев, Ә.Сағымбаева, А.Усембаев, Н.Әбдразақов т.б. фельдшерлер әр науқастың көңіліне сенім ұялатары сөзсіз. Созылмалы науқастар дәрі- дәрмекке ғана емес, жанына жағатын жақсы сөздерге де зәру. Фельдшерлеріміз науқастардың жанын түсініп, көңілге қонымды сөздерін айтып, сапалы медициналық көмек көрсетудің қыр- сырын меңгерген. Шақырыс топтарының науқастарға уақытылы жетуінде бөлімше диспетчерлерінің үлесі зор. Күндіз–түні облыстық медициналық жедел жәрдем стансасының оперативті бөлімімен тығыз байланыста жұмыс жасай отырып , топтардың жұмысын реттеп қадағалап отырады және ішке амбулаторлы келген науқастарға да шұғыл көмек көрсетеді. Диспетчерлер А.К. Утепбаева, А.Е.Егізбаев сияқты тәжірибелі мамамандар өз тәжірибелерін жастармен бөлісе отырып, Л.Арызмағанбетова, Н.Жамаладиндерге диспетчерлік жұмыстың ерекшеліктерін үйретуден жалыққан емес.

Шақырыстарға уақытылы жетуді қамтамасыз етуде жүргізушілердің үлесі мол. Аймақтықтың топографиясын жетік біліп, ұтымды маршруттарды таңдау әр жүргізушінің кәсіби шеберлік деңгейін байқатады. Осы қызметте ұзақ жылдардан бері еңбек етіп келе жатқан М.Серҗанов, ағайынды Нұрғабыловтар, Е.Айтбаев, Е. Жылқаманов және басқа жүргізушілерімізді кент халқының танымайтыны аз деуге болады. Бөлімше жұмысын ұтымды ұйымдастырып, емхананың аймақтық бөлімдерімен байланыста болуы бөлім меңгерушісіне байланысты. Әр шақырысты талдап, емхана аймақтарына бөліп, науқастар жайлы күнделікті мәлімет беріледі.

Бұл, жедел жәрдем бөлімі жұмысының қысқаша ғана көрінісі, оның артында көзге айқын көрінбейтін күнделікті қыруар жұмыстар толып жатыр. Шақырыс топтарының дәрі-дәрмекпен үзбей жабдықталуы, медициналық аппараттардың жұмысқа жарамдылығы, қызметкерлерге алаңсыз жұмыс істеуге қолайлы жағдай жасау, санитарлық автокөліктердің жұмысқа жарамдылығы және тағы да басқа көптеген шаруа мекеменің бас аяжаны Г.Т.Утепованың қадағалауымен, бөлімшенің аға фельдшері Г.Қойбағарова, механик Н.Байхадамов, тазалықшы А.Ешниязованың арқасында ыждағатты орындалып жатыр.

Емхананың бас дәрігері Б.М.Пиржанова жедел жәрдем жұмысын үнемі назарда ұстап отырады, қызметкерлердің білімін жетілдіру, қажетті медициналық аппараттармен қамтамасыз ету т.б. мәселелердің оңынан шешілуінің арқасында №4 емхананың жедел жәрдем бөлімі қаладағы алдыңғы қатардағы бөлімшелердің бірі.

Бөлімшенің медициналық мамандары «BLS.ACLS.PALS.PHTLS», яғни түрлі жағдайлардағы жандандыру шараларына 100% оқытылған. Жүргізушілер «Базалық реанимация» тақырыбын 100 пайыз меңгерген. Шақырыс топтары фельдшерлері адам өміріне, денсаулығына қауіп төнген кезде, яғни 1-3 санатты орындайтын облыстық жедел жәрдем топтары бос емес жағдайда ,шақырыстарды кідіртпеу мақсатында және де төтенше жағдайларда жедел медициналық топтарының жұмысын жеңілдетуге ат салысып отыр. Оның айқын жағдайлары пандемия, қаңтар оқиғасы кезіндегі қажырлы еңбек .

Бөлімше қызметкерлері қала, кент, мекеме деңгейіндегі қоғамдық іс – шараларға да белсене қатысып жүр. Тіпті қызметкерлеріміз облыстық денсаулық басқармасының, кәсіподақтың, кент әкімшілігінің түрлі марапаттарына ие болып келеді.

Кентіміздегі №4 қалалық емхананың жедел жәрдем бөлімінің қызметкерлері антымызға адал болып, алдағы уақытта да аймақ халқына сапалы қызмет көрсететініне сенеміз!

**З.А.ТАСИРОВА,**
**№ 4 қалалық емхананың жедел жәрдем бөлімінің меңгерушісі**

# Әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткішінде серпін бар

**Биыл аймақтың әлеуметтік-экономикалық көрсеткішінде оң қарқын қалыптасты. Айталық, жыл басынан бері өңдеу өнеркәсібінің өнімі 8,5 пайызға, ауыл шаруашылығы саласының өнімдері 0,3 пайызға, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 29,5 пайызға өсті. Ал, биыл облыс экономикасына 350,7 млрд. теңгеден астам инвестиция салынса, оның 70 пайызы жеке инвестициялар. Жалпы өңірге инвестиция тарту көлемі өткен жылмен салыстырғанда 31,3 пайызға артық орындалды.**

Биыл индустрияландыруды дамыту аясында 5 жобаны іске асыру жоспарланған. Қазіргі таңда оның үшеуі іске қосылып, өз өнімдерін нарыққа шығаруда. Атап айтқанда, 23,4 мың тонна құрғақ құрылыс қоспаларын өндіретін цех, 630 тонна күріш ақтайтын цех, 1056 тонна балық ұнын өндіретін цех өз жұмысын бастады. Ал, жыл соңына дейін жылына 1500 тоннаға жуық құс етін өндіретін «Қармақшы құс» фабрикасы мен 324 тоннадан астам балық өңдейтін «Тұрған-тамы» цехы іс қосылмақшы.

-Биыл облыста бірқатар әлеуметтік нысандардың іргетасы қаланып, ел игілігіне берілді. Нақтырақ айтсақ, 12 білім беру, 6 денсаулық сақтау, 5 мәдениет және спорт нысандары салынды. Сондай-ақ, қан орталығы мен неке сарайы және 1000 орындық Өнер сарайының құрылысы басталды. Бюджеттен тыс көздерден Арал ауданының Тоқабай кентінде 100 орындық жаңа мектептің құрылысы жүргізілуде. Мемлекет басшысы жариялаған балалар жылы аясында облыста 80 балалар ойын алаңы салынып, қаламызда "Аналар үйіінің" іргетасы қаланды. Ал келесі жылы қалада бір ауысымда 100 адам қабылдайтын емханасы бар 300 төсектік көпбейінді аурухана және 200 төсектік перинаталдық орталықтың жаңа ғимаратын салуды жоспарлаудамыз. Сонымен қатар 27 дәрігерлік амбулатория мен медициналық пункттер салынып, ауылдық жерлердегі алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысандарының мәселесі шешілетін болады. Қаламыздың сол жағалауында Оқушылар сарайы және 7 мың адамға арналған жаңа орталық стадионның құрылыс жұмыстары басталады, - деді облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов.



Республикалық **"Ел тілегі"** газетіне хабарландыру бергіңіз келсе, **8 771 693 31 81, 8 705 982 76 61** нөмірлеріне хабарлассаңыз болады.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор
**Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы**

**Ақылдастар алқасы:**
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Бас редактор
**Сыдықова Жанар ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ**

Жауапты хатшы
**Зибаш ӘЛИ**
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму минитрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № KZ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджіменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

**Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж**

**Редакцияның мекен-жайы:**
Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі 46/36
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі,4 А үй Телефон: 40-06-68,

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

**Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91**

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 6000 дана**
**Индекс 66503**
**Тапсырыс №1981**

***E-mail:gazeta_eltilegi@mail.ru***
***Электронды нұсқасы: https// ret-gazeta.kz/***